**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**ШЕШІМ**

2024 жылғы 1 қазан Іс №1513-24-00-2/2788 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Мукашева С.Е.,
сот отырысының хатшысы А.Баекенованың қатысуымен,
сот ғимаратында алдын-ала сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№34 «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «Алимжан» Жұлдыз Сабитқызы Қожанова

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАН:**
талап қоюшының өкілі Р.Е.Карабалин

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2024 жылғы 6 ақпан «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№34 «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Алимжан» Жұлдыз Сабитқызы Қожанованың (өнім беруші) арасында «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №20 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 210 000 теңгеге «Қауіпті емес қалдықтарды/мүліктерді/материалдарды шығару (жинау) бойынша қызмет көрсету» жыл бойы ішінде жүргізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2024 жылғы 20 ақпанда енгізілген.

Өнім беруші тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу шарты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер «Алимжан» Жұлдыз Сабитқызы Қожанованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 535 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Алдын-ала сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, жауапкермен шарттық міндеттемелер орындалмауына байланысты 2024 жылғы 1 қазанда шарт біржақты бұзылғанын айтты. Талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Алдын-ала сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Мұкашева С. Е., 07.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Мұкашева С. Е., 13.11.2024
1513-24-3-1/3201

алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Өнім берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны туралы 2024 жылғы 23 тамыздағы хаттама жолданды.

Міндеттемелерді орындамауына байланысты талап қоюшы жауапкерге шартты бұзу туралы хабарлама жіберген.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Бұл ретте, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады).

Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Талап қоюшының есебі бойынша:

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Мукашева С. Е., 13.11.2024

2024 жылғы 6 тамыздан бастап 2024 жылғы 2 қыркүйекті қоса есептеген күнге дейін тұрақсыздық айыппұл сомасы 535 теңге (210 000*0,1%*28 күн =535 теңге.)

Сот талап қоюшының есебін дұрыс деп санайды және оның талап қойған шегінде өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

Бұл ретте, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 535 теңге мөлшеріне тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады және сәйкесінше жергілікті бюджет пайдасына 16 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№34 «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер жеке кәсіпкер «Алимжан» Жұлдыз Сабитқызы Қожанова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Алимжан» Жұлдыз Сабитқызы Қожановадан «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№34 «Таңшолпан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның пайдасына 535 (бес жүз отыз бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және 16 (он алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Алимжан» Жұлдыз Сабитқызы Қожановадан жергілікті бюджетке 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Мукашева С. Е., 13.11.2024

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Мукашева С. Е., 13.11.2024

1513-24-3-1/3201